

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап ету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 11-1-4/252 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 6 қазандағы № 460 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 қазанда № 21405 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 67-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап ету қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап ету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2002 жылғы 22 мамырдағы № 08-1/1 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 28 маусымдағы № 98 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1899 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2002 ж., № 29, 632 құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Құқық департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Әділет және Сыртқы істер министрліктері осы бірлескен бүйрықты мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бірлескен бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет және Сыртқы істер министрліктерінің жетекшілік ететін орынбасарларына жуктелсін.

6. Осы бірлескен бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министри

M. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрі

M. Тілеуберді

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Соты

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Корғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы

Әділет министрлінің

20__ жылғы "—" _____

№ _____

және

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлінің

20__ жылғы "—" _____

№ _____

бірлескен бүйрекімен

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы
Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы
жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз етуге қатысты
құжаттарды талап ету қағидалары**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мекемелері арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 240 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысының 67-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемелері мен Сыртқы істер министрлігі арқылы Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды талап ету тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда құжаттарды талап ету деп (бұдан әрі – талап ету) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін қамтамасыз етуге қатысты құжаттарды сұрау салынған елдің мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан тиісті құжаттарды алыш, Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаменті (бұдан әрі – Консулдық қызмет департаменті) арқылы жолдау үдерісі танылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Қағидаларда қамтылғаннан өзгеше тәртіп белгіленсе, онда сол халықаралық шартта белгіленген тәртіп қолданылады.

4. Қазақстан Республикасынан мынадай құжаттардың:

- 1) әскери билеттердің (шақыру участкеріне тіркеу туралы куәліктердің);
- 2) қызметтік куәліктердің;
- 3) неке қио туралы куәліктердің, егер неке бұзылған болса;

4) қайтыс болған адамдардың туу туралы куәліктерінің түпнұсқалары мен көшірмелері талап етуге жатпайды.

5. Қайтыс болуы туралы куәліктер қайтыс болғандардың туыстары, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдары және ұйымдары ресми мақсаттарда (мұрагерлік іс ашу және басқа да әлеуметтік-құқықтық сипатқа ие мақсаттарда) талап етуі мүмкін.

6. Кәмелетке толмағандардың, сондай-ақ сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың талап ету жөніндегі өтініштерін олардың занды өкілдері (ата-аналары, қамқоршылары, қорғаншылары) береді.

7. Талап ету үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі)" сәйкес консулдық алым алынады.

Консулдық алым талап ету нәтижелеріне қарамастан алынады.

2-тaraу. Қазақстан Республикасынан құжаттарды талап ету тәртібі

8. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан құжаттарды талап ету туралы сұрау салуды жолдау үшін Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне келесі құжаттарды:

- 1) еркін нысандағы өтінішті;
- 2) осы Қағидалардың қосымшасындағы нысан бойынша талап ету жөніндегі 3 дана сауалнаманы;
- 3) өтініш берушінің, занды өкілдің немесе сенімді тұлғаның жеке басын күәланыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) құжаты талап етіліп отырган тұлғамен өтініш берушінің туыстық қатынасын дәлелдейтін құжаттың көшірмесін (қажет болған жағдайда);
- 5) занды өкілдің немесе сенімді тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың түпнұсқасын (құжатты талап етуге өкілеттігі бар тұлға болған жағдайда);
- 6) өтініш берушінің немесе занды өкілдің, сенімді тұлғаның дербес деректерді жинауға, өндеуге келісімін;
- 7) талап етілетін құжаттың көшірмесін (бар болған жағдайда);
- 8) консулдық алым төленгенін дәлелдейтін құжаттың түпнұсқасын тапсырады.

9. Егер:

- 1) құжаттарды талап ету мәселесімен құжаттарды алуға құқығы жоқ тұлға жүгінсе;
- 2) өтініш беруші сауалнамада қарастыруға қажетті мәліметті ұсынбаса;
- 3) өтініш беруші осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаса, құжаттарды талап ету туралы сұрау салуды жолдаудан бас тартылады.

10. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі құжаттардың осы Қағидалардың 8-тармағына сәйкес келуін тексергеннен кейін сұрау салуды қоса берілетін құжаттармен бірге (2 дана сауалнама, консулдық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі және осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген қалған құжаттар) Консулдық қызмет департаменті арқылы он бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына жібереді.

11. Консулдық қызмет департаменті он бес күнтізбелік күн ішінде келіп түсken сұрау салуды қоса берілген құжаттармен бірге Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына жібереді.

12. Талап ету жөніндегі сұрау салуларды Қазақстан Республикасының мына мемлекеттік органдары мен ұйымдары:

1) азаматтық хал актілерді тіркеу туралы құжаттарды талап ету бойынша – азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдері (тіркеуші органдар);

2) әлеуметтік-құқықтық сипаттағы құжаттарды талап ету бойынша:

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік және арнайы мемлекеттік архивтерінде, ақпарат пен құқықтық статистика орталықтарында мемлекеттік сақталуда жатқан құжаттар бойынша (еңбек отілі, жалақы, зейнетақы, мемлекеттік және ведомстволық марапаттар, негізсіз құғын-сүргінге ұшырау фактілері, азаматтарды депортациялау және олардың мұліктерінің тәркіленуі, әскери қызметі, еңбек армиясына қатысы, сот актілері және анықтамалар туралы) – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы немесе талап етілетін құжаттар сақталуында жатқан басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдар;

3) білім, ғылыми дәреже беру, ғылыми атақ беру және біліктілікті арттыру туралы құжаттарды талап ету бойынша – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

4) саяси оқиғалардың, әскери қимылдардың немесе табиғат апаттарының салдарынан байланыс үзілген, оның ішінде бұрынғы әскери тұтқындар мен еркінен айырылғандар Қазақстан Республикасының аумағында және шет елдерде Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың жақын туыстарын іздестіру туралы мәліметтерге, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы аумағында және одан тыс жерлерде әскери іс-қымыл кезеңдерінде жерленген жауынгерлер мен азаматтық тұлғалардың қабірлерінің сақталғандығы туралы анықтама жүргізуге қатысты құжаттарды талап ету бойынша – Қазақстан Республикасының "Қызыл Ай Қоғамы" қоғамдық бірлестігі;

5) Емделуде болғаны, кәсіптік аурулары мен қайғылы оқиғалар туралы мәліметтерге қатысты құжаттарды талап ету бойынша - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі жүзеге асырады.

13. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары он бес күнтізбелік күн ішінде сұрау салуларды қарастыру нәтижелері бойынша Консулдық қызмет департаменті арқылы сұрау салған Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне талап етілген құжатты жібереді немесе сұрау салуды қанағаттандырудың мүмкін еместігінің себептері туралы не қосымша тексеру қажеттігі туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

14. Консулдық қызмет департаменті он бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарынан келіп түскен жауапты қосымша құжаттарымен бірге Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне жолдайды.

15. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі Консулдық қызмет департаментінен жауапты алғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде өтініш берушіге талап етілген құжатты немесе сұрау салуды қанағаттандырудың мүмкін еместігінің себептері туралы не қосымша тексеру қажеттігі туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

16. Талап ету мерзімі өтініш берушінің Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне құжаттарды тапсырған күнінен бастап есептеледі және төрт айдан аспайды. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары қосымша тексеруді, сондай-ақ пошта арқылы құжаттарды жіберу ұзақ уақыт қажет ететін жағдайда, талап ету мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады және бұл туралы өтініш берушіге хабарланады.

3-тaraу. Шет елдерден құжаттарды талап ету тәртібі

17. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары құжаттарды шет елдерден талап ету туралы сұрау салуды жолдау үшін Консулдық қызмет

департаменті арқылы Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне келесі құжаттарды:

- 1) осы Қағидалардың қосымшасындағы нысан бойынша талап ету жөніндегі 3 дана сауалнаманы;
- 2) өтініш берушінің, заңды өкілдің немесе сенімді тұлғаның жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) құжаты талап етіліп отырған тұлғамен өтініш берушінің туыстық қатынасын дәлелдейтін құжаттың көшірмесін (қажет болған жағдайда);
- 4) заңды өкілдің немесе сенімді тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың түпнұсқасын (құжатты талап етуге өкілеттігі бар тұлға болған жағдайда);
- 5) өтініш берушінің немесе заңды өкілдің, сенімді тұлғаның дербес деректерді жинауға, өндеуге келісімін;
- 6) талап етілетін құжаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) жолдайды.

18. Консулдық қызмет департаменті келіп түскен талап ету жөніндегі сұрау салуды он бес күнтізбелік күн ішінде тиісті Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесіне жолдайды.

19. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі Консулдық қызмет департаментінен сұрау салу келіп түскен күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде құжаттарды талап ету мәселесі бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарына жолданады және бұл туралы Консулдық қызмет департаментіне бес жұмыс күні ішінде хабарлайды.

20. Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесі шет мемлекеттердің құзыретті органдарынан жауаптың келіп түсу нәтижесі бойынша он бес күнтізбелік күн ішінде Консулдық қызмет департаменті арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына талап етілген құжатты қосымшасымен немесе сұрау салуды қанағаттандыру мүмкін еместігінің себебі көрсетілген немесе шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен сұрау салуды қарастыруға қосымша мерзімнің қажеттігі туралы жазбаша жауап жолдайды.

21. Консулдық қызмет департаменті Қазақстан Республикасының шет елдегі мекемесінен келіп түскен жауапты қосымша құжаттарымен бірге он бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарына жолдайды.

22. Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының шет елдердегі мекемелерінде азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді бұрын алған Қазақстан Республикасы азаматтарының осындағы қайталама куәліктерін Консулдық қызмет департаменті Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы мекемесі арқылы талап етеді.

23. Қазақстан Республикасымен дипломатиялық қатынастар орнатылмаған мемлекеттерден құжаттарды талап ету сол елдерді Қазақстан Республикасының

аумағында өкілдік ететін шет мемлекеттердің мекемелері немесе Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің болу елінің аумағында орналасқан сол елдердің мекемелері арқылы жүзеге асырылады.

24. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттерден талап етіп алынған ресми құжаттарды заңдастыру немесе оларға апостиль қою Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
мекемелері арқылы
Қазақстан Республикасы
азаматтарының, шетелдік
азаматтар мен азаматтығы жоқ
тұлғалардың құқықтары мен
заңды мұдделерін қамтамасыз
етуге қатысты құжаттарды талап
ету қағидаларына
қосымша

Құжаттарды талап ету жөніндегі сауалнама

Сұраптар	Жауптар
Құжаттары талап етілетін адамдарға қатысты көрсетілетін мәліметтер	
1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Е ск е р т п е : мәліметтерді мемлекеттік немесе орыс және шетел тілінде көрсетіңіз; тегінізді ауыстырған болсаңыз олардың бәрін көрсетіңіз	
2. Туған күні, айы, жылы және туған жері Е ск е р т п е : ауыл, қала, аудан, облыс, егер шет елде туылған жағдайда сол елді көрсетіңіз	
3. Жынысы	
4 . Е ск е р т п е : егер ауыстырған болсаңыз барлық бұрынғы азаматтықтарының көрсетіңіз	А з а м а т т ы ғ ы
5. Ұлты	
6 . Е ск е р т п е : егер азаматтық хал актілерін тіркеу туралы құжат талап етілсе, оның нақты жерін және уақытын, сондай-ақ туу туралы құжат талап етілсе, ата-анасының аты-жөнін, әкесінің атын (бар болған жағдайда) көрсетіңіз; егер білім туралы құжат талап етілсе, оқу орынның атауын және мекенжайын, окуға түсү және бітіру күнін, құжаттың нөмірін және сериясын көрсетіңіз; егер енбек өтілі туралы құжат талап етілсе, мекеменің атауын, мекенжайын, жұмыс мерзімін және лауазымын көрсетіңіз; егер шет елде бекітілген зейнетакы туралы құжат талап етілсе, сол зейнетакы қашан, не үшін және қандай үйім бекіткенін, сондай-ақ соңғы рет зейнетакыны қандай үйім және қашан төлегені туралы мәліметті көрсетіңіз; кәсіпорынның, мекеменің және оқу орынның атауын мүмкіндігінше шет тілінде көрсетіңіз.	

7. Құжатты талап етудің мақсаты	
8. Тұрғылықты мекенжайы	
Басқа адамның құжаттары талап етілген жағдайда өтініш берушіге қатысты мәліметтер	
9. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	
10. Туған күні, айы, жылды және туған жері	
11. Азаматтығы	
12. Талап етілетін құжаттың иесіне туыстық қатынасы	
13. Тұрғылықты мекенжайы	

Толтыру күні: _____
 (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК